



Мұнайлы Өлке

Газет
2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті
№03 (33), наурыз, 2012 жыл



Құрметті әріптестер!

Көктің тынысын тыдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-амамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз - қай кезде де еңсесі биік елдіктің, ірлесі сөгілмес бірліктің, ғырыс пен ынтымақтың мерекесі. Олай болса, Наурыз мерекесі баршаңызға жана желістіктер, молшылық пен тағулық әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат қоңл, бақыт және береке салтанат құрсын!

Бас директор

Әсет Мағауов

Уважаемые коллеги!

Поздравляем Вас с днем весеннего равноденствия - Наурыз мейрамы! Наурыз стал настоящим всенародным и любимым праздником возрождения жизни и обновления природы, способствующим духовному очищению людей, укрепляющим мир и согласие в обществе. Пусть этот год будет для Вас благополучным, спокойным и радостным. Желаем Вам здоровья, счастья, успехов в работе!

Первый заместитель генерального директора

Сунь Синъюнь

Құрметті геология саласының ардагерлері және қызметкерлері!

Сіздерді пшн жүректен Геологтар күнімен құттықтаймыз! Геолог мамандығы ардайым айналмасқа сәуле пашым, құрғын төгетін мамандықтардың бірінен саналады. Бірақ бұл жұмысқа өміріңіз ұзақ жылдарың, бар күнің мен тәжірибесің арнаған адамдар мамандықтың бұл түрі өте ауыр еңбекті қажет ететін мамандық деп бағалайды.

Өртүрлі кезеңдегі геологтар бұзылған біздің елімізге сіңірген еңбектеріңіз шынайы бағасын беру мүмкін емес: олардың арқасында зерттелген минералды шикізат қорлары ондаған жылдар бойына Қазақстан экономикасының орынақты дамуының негізі болып келеді.

Геологтарды «ең оптимисті» мамандық иелері деп жиі атайды, себебі олар үнемі табысқа ұмтылумен жүреді. Сіздердің табылдықтың арқауы, күш-жігеріңіз, қиялдарыңа қарамай жұмыс жасауға деген құлғарлық пен дайындығыңыз Сіздерді мақтан етуге бірден-бір себеп болып табылады. Өз өмірлеріңіз геология саласымен байланыстырған адамдар, барлық кезеңде де өз ісіне шынайы берілген, жаңа ашылулар үшін ең қиын сәттерде де жұмыс жасауға дайын тұрғыш жол салушылар.

Еліміздің қазба байлықтары өте көп, әлі де құпиясы ашылмаған қаншама жерасты байлықтары бар, міне осының барлығы бізді болашақта жаңа қызықты жұмыстар мен ашылулар күтін тұрғанын білдіреді.

Құрметті кен барлаушылар! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметте жаңа жеңістер мен мол табысқа жетулеріңізді тілейміз.

Құрметпен:

Бас директор Бас директордың бірінші орынбасары:

Мағауов Ә.М. Сунь Синъюнь

Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Геология және кен орындарының пайдалану департаментінің ұжымы, «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік Басқармасының геологтары!!!

Бүгін 2012 жылдың 1 сәуірінде, мұнайлы геолог қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесі – Геологтар күнін тойлау уәсінде. Осы күнді таңдау кездейсоқ емес және бұл күн Геологтар күні болып КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президумы 1966жылдың 31 наурызындағы Жарлығымен еліміздің минералды шикізат базасын құрғаны үшін геологтар кеңесінің еңбегіне орай Геологтар күні болып белгіленді.

Одан кейін 2011 жылдың 20 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Геологтар күні болып белгіленді.

Бұл мереке жыл сайын сәуір айының алғашқы жексенбісінде атап өтіледі. Адамзат кез-келген жұмыстың, әр мамандықтың абыройы екенлігін және де адамның өз жұмысына қаншалықты жауапкершілікпен қарап, қаншалықты қыта-жігермен жұмыс істейтініне байланысты болатынын орқандап мойындап отырған. Барлық кәсіп елдігінше ерекше және маңызды. Әр кәсіптің өзінің жұмыс ерекшелігі, өзінің қайталанбас тарихы, өз құндылығы және өз бағыттары бар. Әрине, дерлік әр кәсіптің өзінің ерекше аталып өтетін мерекелі күні-өзінің кәсіби мерекесі де бар!

Біздің кәсіби мерекеміз - Геологтар күніне ең ыстық құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Сізді және Өзіңіз басқарып отырған еңбек ұжымының қызметкерлерін Геологтар күні мерекесімен пшн жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еліміздің байдығы болшығы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер мол табыстар тілеймін. Сіздерге жұмыстарыңыздың келешекте де Қазақстанның өсіп-өрлепін дамуына қосып жатқан үлестеріңізге және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысты да берекесі болуына тілектестік білдіремін.

Дендеріңіздің сау, еңбектеріңіздің жемісті және де кен игеру саласындағы ырыстық пен жаңа белестерге жетулеріңізге жүрекжарды тілегімді білдіремін!

Құрметпен,

АҚ «Маңғыстаумұнайгаз» Бас директорының геология және геофизика жөніндегі орынбасары

Досмұхамбетов М.Д.

Құрметті геологтар қауымы!

Сіздерді алда келе жатқан 1-ші сәуір кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Маңғыстау өңірінде мұнай-газ қабаттарын ашып, кеніштерін игеру барысында сіздердің аябыл еткен еңбектеріңіз диян тегіз. Ашығыз бұны аға-апаларымыз мұнай хозі ашылғанды басы-қасында бірге болып, бірге өмір-өсіп, бүгінгі күндері тіс қаққан майталман маман иесі болсаңыздар, енді біреулеріңіз таңып-бітуге еш тоймай, бар келінін талаңқа бұрған, ізденіс үстінде алға ұмтылған жас мамандарсыздар. Сіздердің барлықтарыңызға жағула амандық, бақыт, еңбекте табыс тілейміз. Алдағы уақытта да тағай асуларды бағындыруға, жаңа кеніштер мен кенорындарды жарыққа шығаруға тілектестік. Мұнай саласында атықарып келген еңбектеріңіздің жемісін көруге жазсын, алдарыңыздан өмірдің жақсы күндеріңен қайтсын.

Ізгі тілекпен:

Қаламқас кенорының геологтар ұжымы.

ТАҒАЙЫНДАУ

2012 жылғы 19 наурыз күні Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары болып Түрікпенбаев Н.Н. тағайындалды.



Түрікпенбаев Нұрлан Ноғайқұлы, 1966 жылғы 16 сәуір күні Қазақ ССР-і Маңғыстау облысының Шевченко қаласында дүниеге келді.

1983 жылғы №7 орта мектегі тамандағаннан кейін С.М.Киров атындағы Қазан химиялық-технологиялық институтына (Қазан қаласы) түсіп, оны 1988 жылы тоңазыққали және компрессорлық машиналар мен қондырғылар жөніндегі инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1988-1992 жылдары ПГМК-ға қарасты Азот-Тук зауытының жабдықтарды орталықталдырып жөндеу цехында слесарь, одан кейін мастер болып жұмыс жасады.

1992-1993 жылдары Ақтау қаласындағы «Маңғыстау Бизнес-Орталығының» іскерлік ынтымақтастық орталығында менеджер қызметін атқарды.

1994-1999 жылдар аралығында Алматы қаласында «Болид» ЖШС-ның директоры болып қызмет атқарды.

1999 жылғы Алматы қаласының «Алаутрансгаз» АҚ инженерлік-техникалық қамту бөлімінің бас маманы.

2000-2001 жылдары, Астана қаласы, «Қазақойл» ҰМК, газ және мұнайхимия департаментінің бас инженері.

2001-2002 жылдары, Астана қаласы, «Қазақойл Продактс» ЖШС, мұнай өнімдері департаментінің сектор менеджерісі, бас менеджері.

2002-2008 жылдары, Астана қаласы, «Қазмұнайгаз» Сяуда Үйі» ЖШС, мұнай өнімдерін жеткізу департаментінің сектор менеджерісі, бас менеджері, департамент директорының орынбасары.

2008 жылғы, Алматы қаласы, «KazGlobal Investments» ЖШС-ның коммерциялық директоры.

2008-2009 жылдары, Ақтау қаласы, «РБМ» ЖШС, бас директордың маркетинг жөніндегі орынбасары.

2009-2012 жылдары, Грузия, Битумыз қаласы, «Батуми Теңіз Кемежайы» ЖШҚ бас директорының коммерция жөніндегі орынбасары.

Үйленген, екі бала тәрбиелеуде.

Жыл басы – амал келді



Бас директоры Әсет Мағауов өңірдің ақсақалдарымен, мұнай өнеркәсібінің ардагерлерімен және көрнекті қоғам қайраткерлерімен кездесу өткізді.

- Сіздерді Аман мейрамымен құттықтаймын! - деп, Ә.Мағауов ақсақалдарға айтып сөзінде. - Бәріміз Аманның келуін өмірдің барлық саласында орын алатын ең жарқын өзгерістерге, әрбір жаңа мен еліміздің гүлденуіне деген үмітпен байланыстырамыз. Аға бұрынғы өкілдерімен өтіп отырған мұндай кездесудің маңы өте зор, себебі ол адамдардың ынтымағын арттырады, бір-біріне деген қарым-қатынасты жақсартады, сондай-ақ жастарды ата-бабасынан қалған дәстүрді құрметтеуге, Отанын сүйуге үйретеді.

Құрметті ардагерлер! Сіздерге зор денсаулық, бейбітшілік пен амандық тілеймін!

Өз кезегінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қызметкерлеріне ала қойған мақсаттарының орындалуын, жаңа жылда жаңа табыстар тілеп, дәстүр бойынша ақ баталарын берді.

Еліміздің Батыс аймағында Аман мерекесін ежелден 14 наурызда тойлайды. Ұзақ жылдар бойы бұл мереке арнайы тойланбаса да, халықтың жадында сақталып, біз үшін бүгінде жаңғырып, жаңарып дәстүрімізге қайтып оралғандығымен де қызық.

«Аман мейрамы» - өз халқының бірлігін бөрінен жоғары қойған ата-біямаңызды ұлықтау және жас ұрпаққа тәуелсіздігіміздің тарихын таңыту мақсатында тойланады. Бұл өлкен күнге құрметпен қарап, болашақта деген жауапкершілікті дос алғанда, жылдың басы - Наурыз мейрамын бірге ұлт болып қарсы алудың алғашқы бастамасы да.

Аман мейрамының тағы бір белгісі - көрісу - бұл күні қазақтар ұйқыларынан өте ерте тұрып, 40 үйдің өсігін ашуға ұмтылған. Барлық адамның қолын алу, жастар үлкендердің үйіне арнайы барып, сәлем беріп, жаңа жылдың бастауында ақсақалдардан бата сұрайды. Бұл күні барлық адам бір-бірінің хәтесін кешіріп, достасуы және ең жақсы киімдер киюі тігіс.

14 наурыз күні дәстүр бойынша мерекелік дастархан басында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ



Р.С. Сондай-ақ осы күні дәстүрлі көрісу рәсімі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өңісінде өтті. Компанияның қызметкерлері өздерінің ең әдемі ұлттық киімдерін киіп, бір-біріне қол беріп амандасып, жаңа жылды барлық жақсылықты тіледі.

ӘЙЕЛ БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ ТЕРБЕТСЕ, ЕКІНШІ ҚОЛЫМЕН ӘЛЕМДІ ТЕРБЕТЕДІ

Халықаралық әйелдер күні бүкілхалықтық танымға не және ерекше мән беріле тойланады, барлық адамдарды әйел-ананы құрметтеуге, қадірлеуге тәрбиелейтін мереке боп саналады. 8 Наурызда дәстүр бойынша барлық ер-азаматтар өз аналарына, жарларына, қыздары мен әкелеріне ең жылы сөздерін арнайды.

Бүгінде әйел адамның жасампаз рөлін шынайы бағалау оңай емес. Назікжандылар отбасы ояғатын сақтаушысы бола жүріп, іскерлік әлемі мен саясатта, ғылыми-өндірістік және әлеуметтік-мадени салаларда да үлкен рөл ойнауда. Еліміздің көптеген жетістіктеріге жетуі адамзаттың назік бөлігі әйелдердің еңбексүйгіштігі мен жан аймай жұмыс жасауының арқасында. Қазақстан әйелдері ел Тәуелсіздігінің құрылуы мен нығайту жолында айрықша маңызды орынға ие болды. Олардың балалары мен немерелерінің аман-саулығына қамқор болуы, жанұяда және бүкілқазақстандық қоғамда бейбітшілік пен татулықты сақтауға ұмтылуы бүкілхалықтық қолдау мен реформалардың жемісті шешім табуына ықпал таныта алады.



8 Наурыз мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен ұжымы өз өрістестері – компания қызметкерлерін көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтады. Бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 1900 әйел адам, оның ішінде «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ – 700, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ – 529 жұмыс жасауда. Олардың кәсібиліктері мен жауапкершіліктері арқасында кәсіпорнымыздың өндірістік те, әлеуметтік-экономикалық та мәселелері оң шешім табуда. Өз кезегінде біздің компаниямызда орқашан назікжандыларға деген құрмет ерекше көрсетіледі, себебі оларға артылған жүктің қандай ауыр екені бәрімізге аян.



Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шаралар 5 наурыз күні «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Асар кенорнында бастау алды. Басқарма бастығының орынбасарлары Ж.Төлеғожаев пен Лю Дэжай қыз-келіншектерге гүлдер тапсырып, мерекемен құттықтады, денсаулық, жаңа тыныштығын және жұмыста табыстар тіледі. Ресми шаралар аяқталған соң, жиналғандарды қызықты шоу-бағдарлама күтіп тұрды. Кеш бойына мұнайшылардың көңілін Маңғыстау облыстық «Каспий джэм» КТК құрамасы көтеремен болды. Өртүрші әзілдер, коморлық қойлымдар, және күтпеген байқаулар – көрермендерді күлдіге қарық қалды. Сонымен қоса, мұнайшыларға атақты өмішлер Г.Кемелжанова, Ө.Құлбаев және «Жорға» би тобы өз өнерлерін паш етті.

Келесі күні осындай мерекелік бағдарламаларға Қаламқас кенорнының мұнайшылары куә болды. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Нұрпейіс Сәрсенбай әйелдерді мерекемен құттықтап, құрмет грамоталарын, алғыс хаттары мен гүлдер табыс етті.

- Әйел адам – отбасының ұйытқысы. Бүгінде әйелдер ер азаматтармен қатар өндірісте, әлеуметтік салада, қоғамдық жұмыстармен де белсенді айналысуда, сонымен қатар ең бастысы – мейірімді ана рөлін де еш ұмытқан емес.

7 наурыз күні мерекелік іс шаралар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық офисінде жалғасын тапты. Қалыптасқан дәстүр бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Өсет Мағауов мұнайшы ардагер аналарды қабылдады. Өсет Мағауов еліміздің болашағы үшін ең қиын кезеңдерде өз күш-жігерлерін аямай еңбек еткен аға ұрпақтың өкілдері – ҰОС ардагерлері, ардагер-мұнайшылар, еңбегі сіңген ұстаздар мен дәрігерлер, Маңғыстау мұнайының алғашқы игерушілері мен пионерлері зор құрмет пен алғысқа лайықты екенін айтты.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры компания әйел қызметкерлерін мерекемен құттықтап, зор денсаулық, барлық бастамаларына табыс, бақыт пен махаббат тіледі.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, сонымен қоса орталық ашпартын ең үздік қызметкерлеріне құрмет грамоталарын, алғыс хаттарын және сыйымдар табыс етті.

- Компанияның бүгінгі таңда жеткен жетістіктеріне Сіздердің еңбектеріңіз себепші болды. Компанияның құрылыш, еркендеу жолында ең алғаш берік іргетас қалаған да Сіздер десек артық



МАҚСАТЫМЫЗ – ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Әріптесіміз, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелері жөніндегі топ жетекшісі Қамидолла Ергазыұлы Жақупов бытыр Қарақия ауданының құрметті азаматы атағына ие болды. Мұндай жоғары мәртебеге жетуіне Қамидолла көп жылдар бойы Қарақия ауданының өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі себеп болды.

– Қамидолла-аға, сіздің саналы жұмырыңыз Маңғыстауда өтіп келеді. 1974 жылы жас маман ретінде кешкі топыраққа келдіңіз, содан бері осы өңірдің өсіп-өркендеуіне өз үлесіңізді қосып келеді...

– Мен 1951 жылы Атырау өңіріндегі Сағыз станциясында дүниеге келдім. 1958 жылы темір жол орта мектебінің табалдырығын атып, сонда он жыл оқып, оны 1968 бітіріп шықтым. Адам мектеп қабырғасында – балалық пен жасөспірім шағында қалыптасады ғой. Болашақ өміріңді мұнай салыққа арнауыма да мектебіміздің көп әсері болды. Оның үстіне біз мектепте оқып жүрген шағымызда ата қонысымыз Маңғыстауда мол мұнай қоры табылып, оны көп көлемде игеріліп жатқанын естідік. Жаппы, ол кезде қоғамда бір тәң сөршің бар болатын-ды. Өйткені соғыс бітіп, есіңсіз түсіріп кеткен зардаптардан ел арылып, өңір-өңір жаңа өмірге аяқ басып жатқан кез. Үкімет халық шаруашылығының дамуына көп мән беріп, экономикалық, әлеуметтік келеді мәселелер шешімін тауып жатқан уақыт. Тұтастай қалалар, кенттер тұрғызылып, ірі-ірі заводтар мен фабрикалар, комбинаттар іске қосылып жатқан мезгіл. Ел ішінде болашаққа деген үміт мықты. Осы кезде қазақ жастарының да жоғары білім алуға құшшыныстары ерекше болды. Бізден алдыңғы буын – соғысқа дейін дүниеге келгендер Қазақстанның және Ресейдің институттарына көптеп түсе бастады. Олар соғыстан кейін өмірге келген біздерге темірқазықтай жол көрсетті, біздерге үшті болды, мықты серің берді. 60-жылдардың орта мектеп түлектері – біздер де жоғары білімді маман болуды мақсат қойдық. Ел экономикасының өркендеуіне үлес қосқымыз келді. Алпысыншы жылдар кеңес дәуірінде «жылымық» деген атаумен де белгілі. Бұл кезде адам санасындағы түбегейлі өзгерістер қоғам талқасына түсіп, қоғам өміріне жаңаша көзқарастар қалыптасып жатты.

Сөйтіп жүргенде мектепте де бітірдік, енді мамандық таңдау керек болды. Мектепте спорт секцияларына белсенді қатысып жүрген мен дене шынықтыру институтына түсем бе деген ойда жүрдім. Сол кезде бір ағам Уфада мұнай институтында оқып еді, маған «осы институтқа түсе, инженер-мұнайшы мамандығын таңда» деп кеңес берді. Содан Атырау қаласына бірнеше Ресей институтының көшпелі қабылдау комиссиялары келді. Мен Уфа мұнай институтына құжат тапсырдым. Бірақ, өкінішке орай, емтиханарды тапсырдым да, бірақ конкурстан өтпей қалдым. Құжаттарымыз алып кетейін деп келсем, «құжаттарыңды Алматыдағы Ленин атындағы политехникалық институтқа ауыстырып жіберді, сол

институттың геология факультетінің студенті болдың» демей ме. Сөйтсем (оны кейін білдік), Ресей институттарына түсе амай қалған балалардың құжаттарын марқұм Алым Жақбырұлы Ақтаудан әдейі Атырауға ұшып келіп, Алматыдағы политехникалық институттың бос орындарына (недобр) алғызатын қылып келісіп, аударып жіберген екен. «Өзіміздің қарақөзіміз жетісе екен, жоғары білімді болса екен» деген патриоттық сезіміңіз жетегіңізді ұтқандаңыз азаматтың осындай бір қайыры ісіңіз мен күесі болдым. Сол кісінің бір демеп жібергеніңіз арқасында бірталай қазақ баласы Алматы политехникалық институтына түсіп, мұнайшы мамандығын алып шықты. Осындай қайыры істің арқасында талай қазақ азаматтары бүгінгі ақ адал елімізбен отбасылары асырап қана қоймай, қоғамның дамуына өз үлестерін қосуда.

Институтқа түстік, сабаққа кірісіп кеттік. Өрине, ауылдан келген біздерге басында қиындау соқты, өйткені сабақ орыс тілінде. Кілеп техникалық терминдер. Бірақ, бірте-бірте үйренісіп кеттік. Институтта да спортты тастамадым, самбомен айналыстым. Қалалық, республикалық студенттік жарыстарға қатысып жүрдім. Бес жыл студенттік өмір де өте шықты. Институтты 1974 жылы бітіріп, Маңғыстауға жоңдама алып, осында келдім. Содан бері осы ата-баба топырағында тұрып жатырмыз.

– Алғашқы еңбек жолыңыз қай мекемеде басталды?

– 1974-тен 1975-ке дейін Өзен бұрғылау басқармасына келіп, мұнай-газ кен орыны игеру және ұңғаларды бақтау цехінің 5-дәрежелі операторы болып еңбек жолымды бастадым. Бұл Өзен кенорынының игеріліп бастағанына он жылдан асқан кезі.

75-тің шілдесінен бастап 1979 жылға дейін Маңғыстау мұнай-газ барлау кешенді экспедициясының №1 орталық инженерлік-техникалық қызметінде инженер-геолог болып төрт жыл жасадым. Бұл, өзіңіз білетіңіздей, сонау 1957 жылы құрылған атақты мекеме. Экспедицияның 1964 жылдан кейінгі уақытта төрең бұрғылау, барлау жұмыстарының нәтижесінде Оңтүстік Маңғыстаудан Тенге (1964), Тасболат (1965), Қарамандыбас (1965), Шығыс Жетібай (1965), Доңға-Еспелісай (1969), Қансу (1970), Ақсу-Көкдірілі (1972), Оңтүстік Аламурын газ кен орындары ашылды. 1973 жылы ММГБ тресті бұрғылау жұмыстарының басым көпшілігін Бозашы түбегіне бағыттады да, Қаражанбас (1974), Солтүстік Бозашы (1975), Қаламқас (1976), Арман (1979), Шығыс Қаратұрғын (1979), Теңіздегі Қаратұрғын (1980) және т.б. кен орындары ашылып, өндірістік игеруге берілді. Сол



кезде қоғамдық негізде трестің комсомол, бастауып партия ұйымдарының хатшысы болып жасадым. Қоғамдық жұмысым кейін партия саласына ауысуыма себепші болды. 1979-1982 жылдары Ералиев ауданының партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1982-1983 жылдары Мұнайшы кентінің халық депутаттар кеңесінің төрағасы, 1984-1986 жылдары Ералиев аудандық жөп бөлімінің бастығы қызметтерін атқардым. Әлеуметтік мәселелер қай қоғамда да алдыңғы қатарда тұрады ғой, ал кешес дәуірде бұл партия мен үкіметтің ең басты назарында тұрған бағыт болды. Ол жөнінде әлеуметтік мәселелеріңіз бастысы – баспа мәселесі болды, өйткені тұрғын үй фонды

Ералиев ауданының партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 91-92 жылдары Маңғыстау мұнай-газ барлау кешенді экспедициясында партия комитетінің хатшысы болдым. Осы жылдары Ералиев аудандық партия комитетінің мүшесі, Ералиев аудандық халық депутаттар Кеңесінің депутаты болып сайландым.

– Сіз Қарақия ауданының өсіп-өркендеуіне әр жылдары үлес қосқан екенсіңіз, ауданның құрметті азаматы атағының берілуіне де осы қызметтеріңіз себеп болған екен ғой...

– Шама-шарқымызша елге қызмет қылдық. Халықтың мұң-мұқтажына ескере



мемлекеттің қарауында еді. Үй алу үшін бірнеше жыл кезекте тұру керек болды. Маңғыстауда үй құрылысы жедел жүргізілді, бұл мәселе ондайма қиын болған жоқ. Жұмыссыздық деген, естеріңде болса, жалпы Одақта, ал тез қарқынмен дамып жатқан Маңғыстауда тіпті де болған жоқ деп айтуға болады. Қайта көптеген жұмыс орындары бос болып, басқа өңірлерден мамандар шақыратын кездер де болды. Осы қызметтерді жасай жүріп, халықпен жұмыс жасауды үйрендік. Елдің тіршілігін, олардың талап-тілектерін біліп отыруды, хаттармен жұмыс жасауды сол партия саласында істеген жылдарымда біліп-үйрендім.

1986 жылы өндірістік қызметке ауыстым. Бұл жолы Маңғыстау ұлутас өндіру өндірістік бірлестігінің бас инженері болып жасадым. Ол кезде ұлутас – Маңғыстаудың мұнай мен газынан кейінгі байлығы деп есептелетін еді, қазір ғой, құрылыс материалдарының түр-түрі шыққан заманда ұлутасқа сұраныс бұрынғыдай емес. Қарақия ойынының қарға көтерілер жерде бірнеше ірі ұлутас блоктары жатыр. Бұл – сол жерге кезінде әдейілеп Маңғыстау байлығы деп көрмеге қойылған тастар. Ұлутастың жоғары сұрыптарынан жұқпалы тіліп, ғимараттардың сыртын қаптаптын плитқа да шығарды. Мысалға, 1980 жылы болған Мәскеу олимпиадасының көптеген нысандары осы Маңғыстау ұлутасымен қапталған болатын. Алматыдағы Ленин атындағы Сарай, басқа да ғимараттар біздің ұлутаспен орнатылған.

1990 жылы қайтадан партия саласына ауыстым. Бір жылдай өзім істеп кеткен

отырып жұмыс жасадық. Бір кездердегі еңбегіңізді есіп, осындай құрметке бөлеп жатқан қарақиялықтарға алғысымызды айтамын.

– Қазіргі істен жатқан қызметіңіз туралы айтып өтесіз.

– Міндетім – ұжым арасындағы әлеуметтік жағдайды қалыптастыруға жұмыстану, келіп түскен арыз-шағымдар болса, соларға түсініктеме беру. Қызметкерлердің балаларын жағзы домалыс орындарына жіберу мәселелерімен, сондай-ақ Жетібай кенорынының басындағы операторлар отыратын жерлерге жағдай жасай, олардың жақсы жұмыс жасауына жағдай туғызуды сияқты мәселелермен айналысамыз.

«Маңғыстаумұнайгаздан» зейнетке шыққан жетібайлық зейнеткерлермен жұмыс жасаймыз. Оларға газ тартып беруге, үй төбелерін жөндеп беруге көмектесеміз. Мысалға, ардагер мұнайшы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты марқұм Саманов Сүлейгеннің үйін салуға көмектестік. Осындай-осындай шаруалармен айналысамыз.

– Отбасыңыз туралы айтсаңыз.

– Жолдасым Нұржамал кеуеміздің отбасы құрғанымызға 35 жылдан асып кетті. 5 бала тәрбиелеп өсірдік. Ішкір, Гүлнар, Бақытгүл, Жаңалысы деген қыздарымыз бен Асқар деген ұлымыз бар.

– Өлгімізге рақмет. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Тойған ТАСҚЫНБАЕВА



ҚАЛАМҚАСТАҒЫ АЛҒАШҚЫ АМАЛ

«Қаламқасқұлайғаз» өндірістік бірлестігінің қабақ қысымын ұстау қезының есепшісі Мәрия Қанарова осындай аттай 23 жыл бұрын Қаламқас кенорында алғаш рет қоғамдық деңгейде Амаал-Наурыз мерекесін ұйымдастырған, өткізген ағамыз.

Ағамыз туралы бірер сөз. Мәрия Қанарова 1957 жылдың 28 желтоқсанында Маңғыстау ауданы Шайыр ауылында дүниеге келген. 8-сыныпты Шебір ауылында оқып, ары қарай орта мектепті Шетпеден бітірген. Мектеп бітіргеннен кейін екі жылдай ауылда мал шаруашылығына араласып, жұмыс жасайды. Соның Орап қаласындағы Пүшкін атындағы педагогика институтына оқуға түсіп, оны физика-математика мұғалімі мамандығы бойынша 1981 жылы бітіріп шығады. Екі жылдай Шебір мектепте мұғалім болып істеп, кейін мұнай саласына ауысып кетеді. Содан бері Қаламқас кенорында қызмет етіп келеді. Мәрия ағамыздың Қаламқас кенорында алғаш Наурыз мерекесін ұйымдастырушы болғандығы естіліп, оны туралы айтып беруді сұраған едім.

—1989 жылы мен 32 жаста екеміз-ау, жағсық жайлы не жасатпайды, ойға алған істерімді оқырып жасап тастағың келетін шақ қой, — деп әдімімің бастады Мәрия ағамыз. — 1988 жылы Алматыда алғаш рет арамызға 62 жыл салып, Наурыз мерекесі тойланып өтті. Осы туралы Мұхтар Шаханов «62 жылдан соң» деген өлең жазды. Халықтың өлеңі тіріліп, өшпекі жанды. Ақ түйеңіз харны жарылады. Ел жоғары ала жаздаған сұлттың қайта жаңғырты. Осындай тамаша дәстүрдің жаңғыруы біздерге мықты серпін берді, жігерімді қайрады, намысымызды оятты. Жүрегі «өлім» деп соққан жастардың қуанышында шек болмады. Бір жылдан соң Қаламқас кенорындағы мәдени-көпшілік шаралары ұйымдастырушы ретінде жұмыс жасап жүрген маған Амаал мерекесін осында жұмысшылар арасында өткізу туралы ой келді. Осы ойымды мекемемнің партия комитетінің хатшысы Қайролла Врежсполов жеткіздім. Ол бірден қолдады. Бұл кезде Наурыз Маңғыстаудың ең ош жерінде

отырып, сценарий жаздым. Сол кездің адамларының пейілінің көңдігін қарасаңды, мен тұтап аулым Шебірден текемет, ала теру алаша, бей-басқұр, зергерлік бұйымдар алып келуге машинамен келдім. Сонда ойларыңда ештеңе жоқ, маған сөйіп, қолдарыңдағы барын беріп, ағынан жарылды ғой ауылдастарым. Күміс шаңбау, сақина-сырғаларды, өңіржіктерді, білезіктерді әйнектік астына салдық, оны қазығы бар, басқа ұлтты бар — жұмысшылар түгел тамашалады. Текеметті спортзалдың қақ ортасына тосып тасталдық. Бұл — сахнамыз. Осы текеметке шығып, жұмысшыларымыз, қаладан шақырылған өнерпаздар өнерлерін көрсетті. Арнайы осы тойға Аманшұқ Кемесов келді, ол көрерменнің ыстық ықыласына бөленді — бірнеше жыр-термелерді тоғип-тоғип тастады. Күн лс жардырап тұрды сол күні. Спортзалдың бір бұрышына алтыбақан құрып қойдық. Соның әр цехтан командалар шығып, өз өнерлерін көрсетті. Қыз бен жігіт айтысын ұйымдастырдық. Әлі есімде, шебер Меліхан Жұманұрат Құрманғазының күші «Балбырауызды» тартты. Соның Молдақалдырова қазақ бияы биледі. Тамшонаж жұмысшысы Бейсенбай Қолдасов Базар жыраудың термесін орындады. Мереке түнгі 12-ге дейін жалғасты. Халықтың ұлттық мерекесіне, салт-дәстүрге сұяап қалғандығын байқайды. Радиодан ән-жырларды күні бойы шырақатқыз, жұмысшылар сондай резы болды, сол күні де, одан кейінгі бірнеше күн бойы да мерекелік көтеріңкі көңіл-күймен жүрді.

Маған қолынан келетін



көмегін ағмай хұрбым Ақтүйме Жарығасынова жүрді. Өкініш-ке орай бұл құрбым 2009 жылы ауыр науауаған өмірден озды. Сол кезде соке түйресімі, бір жасап қалам. Өйткені ұлттық салт-сана, ар-намысты оятуға бағытталған осы бір мерекелік шарамыздың сотті шыққандығы сонша, көпшіліктің де жалдыра сақталып қалған екен. Алғашдай болсын кетті ғой сол бір Наурыз... Осы бір тарихи сәттен соң Наурыз-Амалды қарсы алу Қаламқас кенорында игі дәстүрге айналдырды кетті. — Осы сәтті пайдалана отырып, бүгін компания қызметкерлерін Наурыз мерекесімен құттықтап қойғым келіп отыр. Барлықтарың бақыт пен денсаулық, мырса пен несөбе тілеймін, — дейді Мәрия ағамыз. Біз де өз тарихымыздан Мәрия ағамызды мерекемізге құттықтап, оған да барлық жақсылықтарды тілейді.

Наурыз мерекесінің мерекелесуінің жоспары
1. Мерекесің аштылуы 14.03.88м сағ 8⁰⁰ автовокзал
2. Радиодинамика (мерекесіне байланысты мерекелесуі) сағ 12⁰⁰-14⁰⁰ ұлттық мерекесіне қатысушылардың қорғалып танып-танысуына (танысу)
3. Ұлттық танымдардың көрсетісі (салтанат) сағ 12⁰⁰-13⁰⁰ және 20⁰⁰-21⁰⁰
4. Радиодинамика сағ 19⁰⁰-21⁰⁰
5. Әйелі-сәуле кеші сағ 21⁰⁰-23⁰⁰
6. Спиджастар пікірлері Мерекесің жиылымы
Әйелі-сәуле кеші:
а) Бірлес сөз құттықтаулар (Ұлттық көпшілік алаң, жетекшісі әр-түрлілігімен жетекшісі жетекшісі жетекшісі сөз сөйлеуі)
б) Күз үй (орна) танысу, аманшұқ қарнының қазының ұлттық қолдары ұлттықтарының көрсетісі, ұлттық кеші кешіне
в) Қараң мұздықалың концерт
г) Шығар бөлімше кешіне
д) Қазының кеші пікірлері салтанат көрсетісі
е) Күздер мен жетекшілері әрі-қажында құрылған ән аштылар, олар жетекшісі
ж) Викториналық сұрақтар кешіне жалғасылар жетекшісі/қазының әдет-ғұрпатын, тарихының, өнерінің, ұлт ағамыздарының өнерінің, ишараларының, маңғы-ақпараттарын, қараң және сәуле, қараңға ән аштылар.
Спорттық ойындар:
1. Қазақша күрес
2. Жалбыр аты

МҰНАЙДЫҢ МЫҚТЫ МАМАНЫ,

немесе «Маңғыстаумұнайғаз» акционерлік қоғамының ардагер-мұнайшысы Табын Қананұлы ОРЖАНОВ туралы бір үзік сыр...



біздер өндіріспен бетпе-бет кездескенде тосылып қалдық. Сондай сәттерде, кейбір басшыларды айқайламай, ақырын-ақырын ақылмы айтып, өндірістің бүге-шегесін таныстырған Тәжең еді. Біз жастар өз арамызда оны «аша» дейтін едік. Себебі, соған лайық болды. Қамқорлығын жастардан аяған жоқ. Табын Қананұлы кісінің де, үкіметтің де ала жібін аттамаған адам. Жас кезіміз емес пе, арамыздағы бір жігіт жұмыста бір нәрсені бұлдіріп қойды да, оны айтпай жасырып қалды. Ол бәрі-бір күндердің күнінде ашылды, сонда Тәжең айқайламай, сол ашуланып хана: «Азаматтың қолы таза болуы керек, ары таза болуы керек, жүрегі таза болуы керек! Осы үшеуі сені бар нәледен құтқарады...» деген-ді. Тәжең айтқан осы сөз жадымда өмірлікке сақталып қалды. Оның сөзі ісіне сөйкес келетін-ді. Осы айтқан қағиданы өзі өмір бойы ұстаып келді, қандай қиындықтарды көрсед де оған ауытқымас еем.

Сөйтіп жүргенде Тәжеңді Маңғыстауда ұйымдастырылып жатқан «Маңғышлакнефть» бірлестігінің техника бөлімін басқаруға шақырды. Біршама уақыттан жұмысқа келді. Табын Қананұлы бас инженер екен, бірден танысып, шүйірлескіп кеттік. Бастығымыз деп шіреші тұрған жоқ, жөн сұрасақ жөн, ақылды айтудан шаршамайды. Соған Қуанбаев Ақылбай әкөмізге, Сағынғалиев Таңқыбай мұнайшым, Бекбай бұрғышы болып орналасты. Менен басқымас Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтын, мен Бакудегі мұнай институтының энергетика факультетін бітіріп келген жас мамандарды. Өзіне, келе сала біздерді белді маман етіп алған жоқ, қарапайым жұмысшыдан бастады. Борыңда Тәжеңнің құрауында істедік.

Жас ағамыздың білетінінен бімейтіні көп болады ғой. Кітап білімді жылап келгенмен,

өдісті өкелітті» дегендерді көбірек естігінбіз, көзімізбен көргеніміз де бар.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстан өз мұнайына өзі иелік ете алған жоқ. Барлығын да Мәскеу тешетін еді. Ал жадр мәселесі Гостинаның қолында болды. Сол Гостинаның бастығы Байбаков, мұнай министрінің орынбасары Донгариян деген болды. Олардың өздері Табын Қананұлыны қатты сыйлайтын еді. Оны білімді азамат, мықты маман, жауапкершілігі мол, жаны таза азамат деп қабылдайтын. Қалр таңдау кезінде Тәжең ұсынған адамның өтпей қалғанын көрген жоныз.

Бірде маған байланысты мынадай оқиға болды. Менің кандидатурамды бірлестіктің бас энергетигі қызметіне ұсынды. Осы ұсыныспен бірлестік хатшысы Смолюк Ақтау қалалық партия комитетіне мені де өзімен бірге ала берды. Хатшы алдында отырмыз, ол анкетама бір, маған бір қарайды. Ойланып қалды. Менің де дөнем шағын, ол кезде жасыыз, сыртқы пішіміме көңді тошмай отырған сияқты. Соны сезе қалған Смолюк: «Бұл кандидатураға Табын Қананұлы келіңдік берген» депті. Соны айтуы мұн екен, әлгі хатшы езу тартып, қағазға қолын қойды да жіберді. Бұл да Тәжеңнің бөденіңіз қандай өкеліңізін көрсететіні жағт.

Табын Оржановты өз басым мықты инженер ретінде жоғары бағалаймын. Ол кезде Тәжеңдер өскіңді инженерлер, оқарған, білімді жастар аз еді. Қарғондағы мына бір оқиға есіме түсіп тұр. Мұнайшыларға Қарғон мұнайын өндіру қызыға түеті, бірақ қара майдың заңасы жәп, қалай да оны алуымыз керек. Өңуегіне кішігірім электр станциясымен жұмыс істедік, оны жоғары вольтты жүктеге қосу керек болды. Күнілз-түні бізміз де өндіріс басылдымыз. Тәжең қашан көрсен де жұмыс басылды, тіпті демалып жүргенің көрмейсің. Жаңа жылдың қарсаңы. Борың: «Тәже, Жаңа жылды қарсы алып, кішкене болса да демалың-ға. Жоғары вольтты жүктейі сосын қосамыз ғой» дейміз. Ол кісі

түсіп суыттып: «Жаңа жыл жылда келеді. Ал жоғары вольтты неғұрлым тезірек қосқанымыз дұрыс. Мұнайды көбірек өндіріңізіміз жақсы, жоспар керек» депті. Күн суық, ол жаңы жылына қойық десек қайдан келетінін білмейміз, қазымызға келе қалды. Ойыңармы, жұмысқа деген жауапкершілік пен иынтаны мен Тәжеңнен артық өшкімінен көргенім жоқ.

Қызығы мынада. Тура 31 декабрь күні түнгі сағат 12-де жоғары вольтты жүйеге қосық. Қуаныштымызда шек жоқ. Осыдан кейін Қарғон көшіліңі Қазақстан мұнайының 60 пайызын бір өзі беретін болды. Өндірісті басқару автомат, бір орталық диспетчерлік басқаруға көшірілді. Басқа да көптеген техникамы басқа жақтан Тәжеңнің ұсынысымен өкелі, өндіріске қосық талай.

Табын Қананұлы сипатқан жазықсыз жұмыстан өшкімді шығарған емес. Адамшылығы өскан адам. Біреу сөмек сұраса түгі қаламай соған көмектесетің еді. Тәжеңнің әкесі Қанан ақасақалдан мен мынадай сөздерді естігенім: «Тасымна — төгілерсің, керіліме — сөгілерсің, ренжікте — егілерсің, жалыпта — өдірлерсің». Жазық кезде мұндай даналық сөздердің мағынасын жете түсіңбейміз ғой. Өмірлі біз де көрдік, апысынд да, тұрғымыз да, бұл сөздердің түпкі мағынасын енді түсіңіп жүрміз...

Есіме Қарғон түсіп отыр. Жастарды Тәжең арасында үйіне ертіп барады шұбап ішкізуге. Қанан ақсақал да, ағамыз Зияда да ақарқыры, кең пейілді адамдар еді, иманды болсын. Көрсенісі төселіп, біздің балтып-балшық болған үсті-басымызға қарамай отырғанын, шұбатын беріп жатығы.

«Ағамда тақта отырған жоқ патшасынан ұқта қалдыртың жердегі жетің» дейді. Табын Қананұлы жемтікке құмартқан да емес, жолаған да емес. Ар-ұқты өзің қалған адам.

Қалабай Төлегенов, КСРО мұнай өнеркәсібінің үндігі, ардагер-мұнайшы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

Өмірзақов Жұмабай Тайлыбайұлы, 7сәуір – ТҮПЦ, машинист
Көпішев Нұржан, 12сәуір – САЖМТЖД, 2-дәрежелі жүк тасушы
Өтебаев Базарбай, 12сәуір - МГӨЦ-4, слесарь-жөндеуші

55 жас

Бижанова Марфуға Хамитқызы, 3сәуір – Көлік департаменті, диспетчер
Дүйсенқұлова Сәния Өтегүлқызы, 3сәуір – ӘМЖӘДД, дезинфектор
Дюкова Вера Васильевна, 24сәуір – ҚҚҰЦ, ЭЕМ операторы
Тауқан Рахат Ергалқызы, 10 сәуір – ҒЗӨЖЦ, лаборант

50 жас

Үрбісінов Мұхтар Қойлыбайұлы, 13сәуір – МГӨЦ-3, мұнай-газ өндіру операторы
Жұмалы Әділбек Қалмырзаұлы, 17 сәуір – ТСДЦ, цех мастері
Трофимов Сергей Владимирович, 22 сәуір – ҒЗӨЖЦ, слесарь
Құлбай Мұрат Асанбайұлы, 2 сәуір – САЖМТЖД, электромонтер
Көшбаев Бердіхан Собалақович, 12 сәуір – Көлік департаменті, 4-дәрежелі жүргізуші
Көктесінов Амангелді, 14 сәуір – ТК, еңбекті және ҚО қорғау департаменті, диспетчер
Аминов Қуанхан Селбайұлы, 14 сәуір – Өндірістік департаменті, токарь
Пинчук Любовь Павловна, 17сәуір – Қауіпсіздік қызметі, рұқсатнама бюросының кезекшісі
Жапақов Ғариполла Хұбайдуллаұлы, 25сәуір - ӘМЖӘДД, 1-дәрежелі көгалдандырушы

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

Должностная инструкция главного бухгалтера
Общие положения
Подчиненность
Замещение
Прием и освобождение от должности
Требования к квалификации
Образование, опыт работы
Должностные обязанности
Командировки
Взаимодействие
Коммуникации внутренние
Коммуникации внешние
Права
Ответственность
Статистическая отчетность
Оценка экспертов
Дискуссия с фокус-группой
Когнитивное интервью
Пилотное обследование
Правила оформления документов
Изображение Государственного Герба РК

Эмблема, логотип или товарный знак

Официальное наименование организации
Справочные данные об организации
Наименование вида документа
Дата документа
Регистрационный номер документа
Место составления документа
Место издания документа
Граф ограничения доступа
Гриф утверждения документа
Резолюция
Заголовок к тексту документа
Текст документа

– Бас бухгалтердің лауазымдық нұсқаулығы
– Жалпы ережелер
– Бағыныстылығы
– Уақытша орын алмастыру
– Қызметке қабылдау және босату
– Біліктілікке қойылатын талаптар
– Білімі, жұмыс тәжірибесі
– Лауазымдық міндеттері
– Иссапарлар
– Өзара қарым-қатынас
– Ішкі коммуникациялар
– Сыртқы коммуникациялар
– Құқықтары
– Жауапкершілігі
– Статистикалық есептілік
– Сарапшылар бағасы
– Фокус-топ пікірсайысы
– Когнитивті сұхбат
– Алдынала тексеру
– Құжаттарды ресімдеу тәртібі
– ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі
– Эмблема, логотип немесе тауар белгісі
– Ұйымның ресми атауы
– Ұйымның анықтамалық мәліметтері
– Ұйымда жасалатын құжат түрлері
– Құжат датасы
– Құжаттың тіркеу нөмірі
– Құжаттың жасалған орны
– Құжаттың басып шығарылған орны
– Қол жеткізілімді шектеу
– Құжаттың бекіту грифі
– Бұрыштама
– Құжат мәтініне қойылатын тақырып
– Құжат мәтіні

Наурыз мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері облыстық Балалар үйіндегі ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды тағы бір мәрте қуанып қайтты. Қалыптасқан дәстүр бойынша балалар мен олардың тәрбиешілерін мерекемен құттықтап, бастылық пен балаларға көптеген сыйлықтарды тарту етті.

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері облыстық Балалар үйіне бірнеше жыл қатарынан ерекше көңіл бөліп келеді. Және барлық уақытта да олар құр қол берген емес. Әрдайым сыйлықтарын қоса апарып қана қоймай, балаларға ерекше көңіл бөліп, оларды мейірім шұғылына бөлеп, қамқорлыққа алады.

–Өрине, біз балалардың ата-анасындай бола алмаймыз, бірақ қолымыздан келгенше балалар өздерін бақытты сезінулері үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз, - дейді Қауіпсіздік қызметі ауысымының аға сакшысы Қожақов Бауыржан. – Әсіресе, қиындық етуі тиіс, асыр салып ойпайтын шақтарында ата-анасыз қалған балалар мейірім мен ықпалға өте зору болып келеді. Сондықтанда балалардың әрбір күлген сәті, олардың жүзінен бақытты табық херу үлкен бақыт. Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері өз

қолдарынан келгенше әуақытта Балалар үйіне барып, көптеген сыйлықтар мен қуанып қайтты. Беруге тырысады!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастылығы мен Қауіпсіздік қызметінің ұжымы атынан Қожақов Бауыржан Балалар үйіне мекеменің күнделігі тұрмысына қажетті үй-тұрмыс жабылқтары, ал балаларға 4 жаңа манеж сыйға тартты.

–«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне біздің тәрбиеленушілерімізге жерсетіп отырған ілтипаты мен қамқорлығы үшін үлкен алғыс білдіреміз, - дейді өз кезегінде Балалар үйінің бас дәрігері Сауатлана Жұбантуріева.

- Біз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымына жаңа жылда зор денсаулық, мол бақыт және жаңа табыстар тілейміз! Барлық тілек-армандарыңыз орындалсын!



Мұнайлы Олке

Мөңшік мөсі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мөкөн-жайымыз:
130060, Ақтү қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
төлі:
211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мөденнет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтү қаласы,
22 ш.а.
төлі: 750750
Телефоны: 736